

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 54

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

259 / 259-262

Автор(лар):

Изатова Арай Абатқызы

Мақала атауы:

ЖАСТАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ БОЛАШАҚ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

ЖАСТАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ БОЛАШАҚ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Изатова Арай Абатқызы

a_izatova@bk.ru

«Құқықтану» білім бағдарламасының 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушы – **Султанова А.Т.**

Қазіргі қоғамдағы елеулі мәселелердің бірі – жастардың қаржылық - құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылады. Қаржылық сауаттылық қазіргі қоғамның өте маңызды бөлігі десек те болады, себебі ақшаны ұстау, оны оңтайлы жұмсай білу, кіріс пен шығысты есептей білу көп азаматтардың қолынан келе бермейді. Қаржылық-құқықтық сауаттылықтың болмауы салдарынан халықтың біраз бөлігі несие алып, түрлі букмекерлік құмар ойындарын ойнап, сонымен қатар әлеуметтік желідегі алаяқтарға алданып қарызға белшесінен батып отыр. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың айтуынша, халықтың 84% - (жұмыс күшінің шамамен 10 миллион адам көлемінен 8,4 млн-нан астам адам) қарыздары бар, ал 90 күн ішінде мерзімі өткен берешек көлемі шамамен Т1, 4 трлнды құрайды. Бұл аз көрсеткіш емес. Сондықтан қоғамның қаржылық сауаттылығын арттыру қажет, ал қоғамның негізгі бөлігі жастар болғандықтан, жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға көңіл бөлу қажет.

Жастар - бұл ұлт үмітін арқалаған ел тірегі. Еліміздің болашағы, үміті мен сенімі жастардың қолында. Сол себептен де жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты. Жастар қай заманда, қай елде болмасын, асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы болған, болашақта да солай болмақ. Біздің жастарымыз-таланттың, шеберлік пен дағдылықтың қоймасы, оған тән әлеуетті жоғалтпау керек және барлық қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, елімізді тиісті деңгейге көтеру үшін оны дұрыс бағытқа бағыттау керек! Халқымыздың патриоттық құндылығы ұрпақтан-ұрпаққа берілуі тиіс. Елімізді дамыту үшін жақсы оқып, жан-жақты білім алу керек. Өр ұрпақтың жастары әр түрлі, білімінен бастап құндылықтарына дейін, бірақ олардың барлығы – елдің болашағы, ақыл-ой әлеуеті, тірегі мен үміті. Сол жастардың қаржылық білімдері сауатты шешімдер қабылдауға ықпал етеді, тәуекелдерді азайтады және сол арқылы жастардың қаржылық қауіпсіздігін арттыруға қабілеттілікті арттырады. Қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі және жеке қаржы туралы түсініктің болмауы банкроттыққа ғана емес, сонымен қатар сауатсыз зейнеткерлікке шығуды жоспарлауға, қаржылық алаяқтыққа, шамадан тыс қарызға және әлеуметтік мәселелерге, соның ішінде депрессияға және басқа да жеке мәселелерге әкелуі мүмкін.

Ең алдымен қаржылық сауаттылық дегеніміз не? Қаржылық сауаттылығы бар адам дегеніміз қандай адам? деген сұраққа жауап бере кетсек: Қаржылық сауаттылық-бұл кірістер мен шығыстарды басқару, ақшаны дұрыс пайдалану, қаражат бойынша өмір сүру және капиталды көбейту мүмкіндігі. Қаржылық сауаттылық-бұл ақшаның әл-ауқатына қарай жылжу, дағдарыстармен күресу және ақшаға байланысты стресс деңгейін төмендету, қаржылық өнімдерді пайдалану туралы білім. Және бұл білімді қолдана білу. Қаржылық сауаттылық-ертеңгі күнге сенімділік беретін саналы мінез-құлықтың негізі. Қаржылық

сауаттылық дағдылары сізге аз ақша жұмсауға және тиімді үнемдеуге, ақшаға қатысты жақындарыңызбен қақтығыстарды болдырмауға, қаржылық мақсаттарға тезірек және сапалы қол жеткізуге мүмкіндік береді. "Қаржылық сауаттылық" ұғымы саяси, географиялық және әлеуметтік – экономикалық шекаралардан асып түседі, ал халықтың қаржылық біліміне деген қажеттілік экспоненциалды түрде артады. Қаржылық сауаттылық жастарға ақшаға деген көзқарасын өзгертуге, оларды басқаруға көмектеседі, болашақ туралы ойлауға, өмірлік циклінің қажеттіліктерін жоспарлауға мәжбүр етеді. Ол отбасы, мәдениет және тіпті тұрғылықты жері әсер ететін көзқарастардың, білім мен дағдылардың үнемі өзгеріп отыратын күйі ретінде қарастырылуы керек. Бұл тұжырымдамаға дәл осындай тәсілді АҚШ-тағы оқушылар мен студенттерге арналған қаржылық сауаттылықтың ұлттық стандарттарынан табуға болады. Адамдардың қаржылық мақсаттары жеке, олар өмірлік жағдайға және адамның әлеуметтік – экономикалық мәртебесіне негізделген. Жастарға қаржылық білім берудің мақсаты-оған мұқтаж әрбір тұтынушыға түсінікті сапалы ақпаратты "дәл уақытында" жеткізу.

Қаржылық сауатты адам-бұл:

- бюджетті жоспарлауды және шығыстар мен кірістердің есебін жүргізуді біледі;
- қауіпсіздік жастығын қалай жасау керектігін біледі;
- ол өзінің мінез құлқымен және ойлауымен жұмыс істейді;
- өзінің қаржылық мақсаттарына сәйкес жинақтарды қалыптастырады;
- нарықтағы тәуекелдерді бағалайды;
- қаржылық алаяқтық туралы біледі және өзін қорғауды біледі;
- салық төлеуші және тұтынушы ретінде өз құқықтарын түсінеді;
- ақпаратпен жұмыс істей алады;
- алдын ала жоспарланған, дұрыс шешімдер қабылдайды. Еліміздің жастарының бойына осы қасиеттерді енгізе білсек, қоғам басқаша боларма еді?

Жастардың бойында қаржылық сауаттылық қасиетінің болуы не үшін маңызды?

Біріншіден, жастар өмір жолын енді ғана бастайды және көбінесе өз қаржысын басқару тәжірибесі жеткіліксіз болғандықтан өз болашағына немқұрайлы қарайды.

Екіншіден, қазіргі әлем сансыз азғырулар мен тұтынудың барлық түрлерін ұсынады, бұл несиелердің оңай қол жетімділігі салдарынан жастар артық шығындар мен негізсіз несиелер алуға әкелуі мүмкін.

Үшіншіден, көптеген жастар қаржылық сауаттылық туралы сапалы ақпаратқа қол жеткізе алмайды немесе немқұрайлылық танытып, оларды мұқият түсінуге тырыспайды. Бұл факторлар әртүрлі проблемаларға әкелуі мүмкін, мысалы, несиелер бойынша қарыздар, жинақтардың төмен деңгейі, қажетті қаржылық мақсаттарға жете алмау және басқа да жағымсыз салдарлар. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылықтың болмауы жастардың әр түрлі алаяқтардың құрбаны болуына әкелуі мүмкін, алаяқтардың белсенділігі жылдан жылға артып келеді. Мысалы, мұндай жағдай жастардың қаржылық сауаттылығы проблемасының өзектілігін көрсетеді. 2022 жылдың күзінде "Қазмұнайгаз" компаниясының алдағы IPO аясында түрлі интернет-аландарда қазақстандықтарға жаппай жарнамалық науқан басталды, ол акциялардан орасан зор табыс немесе "инвестициялар" аласыз деп миллиондаған төлемдер уәде етті. Шын мәнінде, мұның бәрі ҚМГ акцияларын биржада орналастыру туралы болған, бірақ тақырыпты зерттемеген сенімді азаматтардан ақша алуға бағытталған алаяқтардың схемалары болды.

Жарнамалық науқанның ауқымы ғана емес, сонымен қатар ел Президентінің, бизнесмендердің, танымал тұлғалардың, телеарналардың жалған сюжеттерінің және т.б. қатысуымен алаяқтар түрлі іс әрекеттер арқылы халықтың ақшасын жымқыруда. Сонымен қатар Instagram, WhatsApp, Telegram, онымен қоса түрлі интернет желілерінен тауар сатып алу, қайырымдылық фондтарына қаражат жіберемін деп алданып жатқан азаматтардың саны көбеюде. IPO-ны өткізгеннен кейін алаяқтық науқан біршама бәсеңдеді, бірақ содан кейін жаңа күшпен қайта басталды. Мысалы, мақаланы жазу кезінде YouTube бейнехостингінде

ҚМГ акцияларынан ақша табатын жастармен бейнероликтер жарнамаланды, Ал Google іздеу сервисі "ҚазМұнайГаз" сұранысы бойынша бірінші орында жалған алаяқтық "инвестициялық" сайттың кеңейтілген жарнамасын берді. Жоғарыда аталған жарнамалық науқан ең алдымен зейнеткерлерге емес, Интернет пен мобильді қосымшаларды белсенді қолданатындарға, яғни орта және орта жастан төмен адамдарға бағытталғаны түсінікті. Бейнероликтерде жастардың бейнелерін пайдалану көбінесе олар алаяқтардың мақсатты аудиториясы екенін көрсетеді. Қаржылық сауатсыздықтың тағы бір мысалы-несиелік мәртебені қолдану болып табылады. Көптеген қазақстандықтар, соның ішінде жастар, қымбат тұтыну заттарын, смартфондар мен басқа да гаджеттерді несиеге сатып алады. Өйткені, бөліп-бөліп сатып алу соншалықты қолжетімді болып көрінеді. Олар мұны мүлдем түсінбейді, кез-келген тұтынушылық несиеге айтарлықтай банктік пайыз кіреді. Бірақ егер сіз несие кезінде қанша ақша жұмсалатынын есептеп, осы соманы депозитте жинаған жағдаймен салыстырсаңыз, көптеген жастардың көздері ашылады.

Жастарды қаржылық сауаттылыққа оқыту мәселесі үлкен назар аударуды талап етеді. Жастарға қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға мүмкіндігінше тиімді көмектесу үшін күш-жігерді үнемі бағалау және жетілдіру қажет. Өйткені қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіз деңгейі, әсіресе жастарға қатысты басты сын-қатерлердің бірі болып қала береді. Бұл дұрыс емес қаржылық шешімдерге, жинақтардың орнына қарыздарды жинауға, қаржылық алаяқтықтан қорғансыздыққа және басқа мәселелерге әкеледі. Цифрлық технологияларды пайдаланудың өсуімен дербес деректерді қорғауға және қаржылық операциялардың қауіпсіздігіне байланысты мәселелердің өткірлігі артып келеді. Экономикалық жағдайлар тез өзгеруі мүмкін, соның ішінде нарықтардағы қаржылық күйзелістер, инфляция, Ұлттық валютаның құнсыздануы және басқа факторлар. Жастар мұндай өзгерістерге дайын болуы керек және қаржылық ресурстарды жаңа жағдайларда қалай тиімді пайдалану керектігін білуі керек.

Қаржылық сауатты жастардың көп болуы үшін жастарды бала кезінен ақшаны жою, пайдалануға үйрету қажет деп санаймын. Бұл қабілет баланың өсуінің әр кезеңінде қажет. Жасөспірімдер ақша сияқты ресурстың құндылығын нақты түсінуі керек. Қазіргі таңда көптеген жасөспірімдер парақшалар тарату немесе қарапайым, жеңіл жұмыстарға орналасу арқылы алғашқы қалта қаражатын өз енбектерімен таба бастайды. Бұл олардың қоғамға ерте араласуымен сипатталады. Жасөспірімдермен дұрыс сөйлесу - оларға алаяқтардан аулақ болуға, басқалардың және жеке ақшаларын ұқыпты қодануға көмектеседі. Балаға бала кезінен-ақ үйретілген қаржылық сауаттылық оған болашақта өзінде бар қаражатты сауатты бөлуге көмектеседі, осылайша олар шығындарды толығымен есептей алады.

- Қаржылық сауаттылықты білу жасөспірімдерге маңызды, себебі:

- Ақша ауадан шықпайтынын, ол ақыл-ой немесе физикалық адал еңбектің өнімі екенін түсіну (бұған ерекше назар аудару керек)

- Күмәнді ақша схемаларына араласпау керектігі (қолайсыз несиелер, МҚҰ-дағы микрокредиттер, кірістерді жасыру және салық төлеуден бас тарту, пирамидалар және т. б.)

- Белгілі бір мақсатқа ақша жинау мүмкіндігі

- Қаржыны дұрыс пайдаланбау кедейлікке әкелуі мүмкін екенін түсіну

- Ақшаны ұтымды пайдалану, оны шебер инвестициялау және қосымша пайда табу мүмкіндігі

- Шығындарды талдау, болжау және жоспарлау, кез-келген шығындар мен инвестициялардың салдарын түсіну мүмкіндігі

Бір сөзбен айтқанда, жасөспірім үшін қаржылық сауаттылық-бұл жақын арада ақшамен оң қарым-қатынас орнатуға, табысқа жетуге, берік және ауқатты отбасын құруға мүмкіндік. Сондықтан білім алу мекемелерінде, мектептерде балаларға қосымшы ақпарат ретінде немесе қызықты ашық сабақ ретінде өткізілуі қажет. Ата аналарды баламен осы туралы сөйлесуге, оларды үгіттеуге итермелеу қажет. Сондай-ақ белгілі бір дәрежеде табысты курстар,

тренингтер, семинарлар, конференциялар, әлеуметтік желілердегі мақалалар, әртүрлі компаниялар, сарапшылар, блогерлер және т. б. ұйымдастырған онлайн мектептерді көбейту қажет. Бұл студенттер үшін де маңызды, университет, колледж бағдарламаларында қызықты конференциялар, кездесулер жиі болса, және олардан нәтиже шығару үшін тапсырмалар, тренингтер саны артса, бұның қоғамға тиер пайдасы көп болар ма еді.

Қаржылық сауаттылықты арттыруды өзіңізден бастап үйреніңіз. Кірісіңіз бен шығыстарыңызды есептеп блокнатқа жазып үйреніңіз. Импульсивті сатып алулардан аулақ болыңыз. Мысалы дүкен сөрелерінен қандай да бір затты ұнатсаңыз, ол зат сізге керек пе жоқпа деп ішіңізден ойланыңыз. Және ол затты сатып алуға асықпай, басқа да заттарды аралап жүріп қайтыңыз. Сәл уақыттан соң ол заттың сізге керек емес екенін ұғынасыз. Тауар бағасының айырмашылығына назар аударыңыз және оның құрамдарын (орау, буып-түю, фирма, жарамдылық мерзімі және т.б.) мұқият қараңыз. Банк секторының жұмыс принциптері зерттеңіз. Несиелер мен депозиттермен мұқият танысыңыз. Салым ретінде депозиттерді пайдаланыңыз.

Қазақстан Республикасында қаржылық сауаттылықтың құқықтық негізін құрайтын және бұл саланы егжей-тегжейлі реттейтін бірден-бір нормативтік акті - ол «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы.

Қаржылық көрсетілетін қызметтердің серпінді дамуының, бөлшек өнімдердің онлайн-форматқа және жаңа цифрлық технологияларға ауысуының, неғұрлым күрделі әрі сонымен бірге тәуекелді қаржы құралдарына деген сұраныстың өсуінің қазіргі заманғы жағдайында халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелері жандандыруды талап етеді. Халықтың қаржылық, сондай-ақ құқықтық білімін арттыру қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің негізгі элементі, халық пен бизнестің қаржылық көрсетілетін қызметтерге үздіксіз қол жеткізуінің, қаржылық орнықтылықты және қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз етудің шарты болып табылады. Ал әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар екендігіне Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы.
3. <https://www.bilim.expert/>
4. Л.В. Стахович «Балалар және жастар» интернет конференциясының материалдары 01.03.2010 ж.
5. <https://mangystauzhastary.kz/zhastar-sawattylyghyn-arttyrw-degen-ne/>
6. <https://aqmeshit-zhastary.kz/jekonomika/qarzhyny-qalaj-basqarasyz-33206/>
7. <https://www.facebook.com/100063812871630/posts/230386648544120/>